

## Қаражал қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

### *Күшін жойған*

Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 135 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 16 ақпанда № 96-20 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 336 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 25.12.2025 № 336 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады).

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Қаражал қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаражал қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қалалық мәслихаттың төрағасы*

*З. Оспанова*